

Жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 243 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 67-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, жер комиссиясының 2021 жылғы 11 тамыздағы № 5 хаттамасы және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № KZ63VVG00896058 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 10 жыл мерзімге орман қорының жерін қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің аумағында Булаев топтық су құбырының магистральдық құбыр жолының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жалпы ауданы 8,3 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2021 жылғы "09" қарашадағы
№ 243 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 10 жыл мерзіміне Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінде шектеулі нысаналы пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) құқығын беру кезіндегі жер экспликациясы

№	Ж е р пайдаланушылардың атауы	Кадастрлық нөмірі	Ауданы , га	Соның ішінде						
				А / ш алқабының ауданы	Оның ішінде			Оның ішінде Жайылым	Оның іші	
					Егістік	Көп жылдық екпе	Шабындық			Жақсартылған
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	"Тайынша-Астық" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-164-014-069	0,5	0,5						
2	"Прометей" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-164-004-102	0,5							
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бойынша жиыны			1,0	0,5						
Киров ауылдық округінің жерлері			7,3							
Ауылдық округ шекарасындағы жиыны			8,3	0,5						
Учаске бойынша барлығы			8,3	0,5						

Кестенің жалғасы

Соның ішінде											
Орманды алқап	Орман белдеуі	Бұта	Батпақ	Өзен	Көл	Жасанды су айдыны	Жол	Саябақ, гүлзар, бульвар	Құрылыс	Бұзылған жерлер	Өзге жерлер
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23
										0,5	
									0,5		
									0,5	0,5	
											7,3
									0,5	0,5	7,3
									0,5	0,5	7,3